

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хасбулатов, Р. И. Международные экономические отношения в 3 ч. Часть 3: учебник для вузов / Р. И. Хасбулатов. – 3-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2021. – 362 с.
2. Дерен, В. И. Мировая экономика и международные экономические отношения: учебник и практикум для вузов / В. И. Дерен. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 588 с.
3. Миронова В.Н., Орлова Н.Л., Сидоренко Т.В. Мировая экономика и международные экономические отношения. Практикум. — М.: Инфра-М, Вузовский учебник. 2016. 136 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается диалектика опережающей и догоняющей модернизации экономики России в контексте особенностей современного этапа евразийской интеграции. Показаны ее проблемы, противоречия, реальные достижения и перспективы трансформации Таможенного союза в Евразийский экономический союз.

RESUME

The article examines the dialectic of advanced and catch-up modernization of the Russian economy in the context of the present stage of Eurasian integration. Showing its problems, contradictions, real achievements and prospects of transformation of the Customs Union of the Eurasian Economic Union.

ӨОЖ 331 132

Білім алушы: Баймаганбетова А. К., магистрант
Тұран-Астана университеті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АННОТАЦИЯ

Мақалада білім саласында ақпараттық технологияны пайдаланудың маңызы және пайдасы туралы айтылады. Сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда соңғы жылдары кең қолданылатын ақпараттық технология бағдарламаларының тиімділігі сөз болады.

Түйін сөздер: білім, ақпарат, технология, ұйымдастыру, өзіндік жұмыс.

XXI ғасыр – ақпарат пен технологияның дамыған дәуірі екені ешкімге жасырын емес. Кешегі күні өз заманында білімнің шырақшысы атанған ұстаз Ы.Алтынсарин «Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызды» деп келешектің келбетін сезгендей. Расымен де бұл уақыт ақпараттық үрдістің сәт сайын дамып отырған заманы. Тек адамзат баласы сол үрдіске ілесе, үлгеріп отыруы қажет. Әсіресе, жас ұрпақ үшін жаңа технологияны игеру маңызды. Себебі әлемнің оза шапқан елдерінен қалыспай елімізді жан-жақты дамуына ат салысатын кемел болашақ солардың қолында.

А.Д.Урсул ақпараттық үрдіске тұтастай жүйелі жалпы анықтама берген: «Ақпараттандыру қоғам мен бүкіл адамзат өмірінің ізгілікті ойлаушылығын өзгертеді. Жаңа ақпараттық технологияның мақсаты ақпараттық қарым-қатынас орнату және ақпараттық құрал арқылы дамудың жоғары деңгейіне көтеру». [1]

Кез келген қоғамның дамуы ақпаратты керек етеді. Ақпараттық –коммуникативтік технологияны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды.

Сондықтан білім мен ғылым саласы қаржыландырылады. Оған елімізде жүріп жатқан түрлі бағдарламалар дәлел. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз - берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары». [2]

Зерделі шәкіртке заманауи білім беріп қана қоймай, ақпарат арқылы ғылымға жетелеп, оны түрлі технология арқылы дамыта алу ұстаздың шеберлігі. Алдымен әрбір педагог жеке оқушылардың психологиялық жағынан дамыған шығармашылық ортада болуына, жеке өзіндік дамуына, танымдық әрекеттерінің қалыптасуына және жеке зерттеу сапасының дамуына ықпал етеді.

Ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. Орта білім беру жүйесінде ақпараттандыруды дамытып, АКТ құралдарының жыл сайын динамикалық түрде ауысатынын, жеке тұлғаның компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеттілігі ілгерілейтіндігін, яғни әрбір оқушы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды үйреніп қана қоймай, оны пайдалана білуі, интернет, электронды почта, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады.

Педагогтің сабақта АКТ-ны қолдануы ақпараттық тәрбие беру барысында оқушы бойына төмендегі дағдыларды қалыптастыра білуі қажет:

- Оқушының АКТ-ның мүмкіндіктерін жете түсінуі;
- Білімді қабылдап, сыни ойлау қабілеттерінің дамуы;
- Оқушының үздіксіз ізденушілікте АКТ-ны қолдануы;
- Инновациялық қағидаларды үйреніп, оны практикалық тұрғыда қолдана білуі;
- Жаңа ғасыр ағымына бейімделе білуімен айқындалады. [3]

Ақпараттық технологияның кең түрде дамығандығын әлем бойынша жайлаған пандемия уақыты дәлелдеді. Бұрын соңды алдындағы шәкіртіне қашықтықтан білім беріп көрмеген ұстаздар тың жаңалықты тез қабылдап, аз уақыттың ішінде меңгеруге тырысты. Онлайн форматта түрлі бағдарламаларды сынап көріп, уақыт өте келе тәжірибесіне тиімдісін тандап, шеберліктерін танытты. Онлайн оқытуда қолданылған технологиялар оқушыларды да өзіндік жұмыс жасауға үйретті. Бұрын тек қолдарында ғана ұстаған оқулықтың электронды нұсқаларына қол жеткізіп, әр дағдыға сәйкес әзірленген тапсырмаларды қызыға орындады. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында тыңдалым дағдысына арналған түрлі мәтіндерді сілтеме, QR кодтары арқылы тыңдап, тапсырмаларды орындауға үйренді.

Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін - өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. [4]

Қашықтықтан оқытуда электронды оқулықтармен бірге «Online-mektep», «Google Meet», «ZOOM», «Classroom» және тағы басқа қосымшалар кеңінен пайдаланылып, оқушылардың өз беттерінше жұмыс жасауларына септігін тигізді. Атап айтар болсақ, «Online-mektep» бағдарламасында жоспарға сәйкес тақырыптар мен материалдары қоса беріліп отырды. Оқушы әр тақырып бойынша бейнематериал қарап, кейін тақырып бойынша тапсырмаларды орындап, соңында бірден орындаған жұмысының нәтижесін көріп отырды. Бұл дегеніміз, оқушы өз бетінше тақырып материалын меңгеріп, орындаған тапсырмасының бағасын бірден көре алуға мүмкіндік берілді. Алған ұпай санына байланысты қай жерде қателік жібергенін де көре алды. Яғни, ақпараттық технология

арқылы оқушының аз уақыт ішінде білім алуына ғана емес, өз бетінше жұмыс жасай алуына да көмегін тигізеді.

Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды. [5]

Ал ақпараттық технология арқылы оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әр оқушының белсенділігіне, алған білімді бекітуіне, қорытынды шығара білуіне, бір мақсатқа ұмтылуына, өз ісіне басшылық ете білуіне, өз-өзіне сенімді болуына әсер етеді. Өзіндік жұмыс ең негізгі мәселені талдауға, жинақы, тұжырымды сөйлеуге үйретіп, оқушының сөздік қорын байытады.

Қорытынды. Жаңалықпен жарысқан жаһандану заманында технологияға (телефон, гаджет) жастайынан құмар балалардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, өз бетінше жұмыс жасай алуына мүмкіндік беру маңызды. Кез келген ұстаз өзінің білім-білік дағдылары мен тәжірибесіне сәйкес өзіндік жұмыстарын ұйымдастырып отырады. Бастысы бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеп, жолын көрсету. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру білім сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіптік біліктіліктерін күшейтуге септігін тигізеді. Заман талабына сай ақпараттық технология арқылы берілген білім оқушылардың танымдық белсенділігі мен қатар, қисынды ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен айналысуына жағдай туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н. Даумов «Жас зерттеуші тұлғасын қалыптастыруда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістемесі» «А-Полиграфия» ЖШС Ақтөбе 2004 ж. 7-бет.
2. А.Б.Медешова «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін ақпараттық технология арқылы қалыптастыру» Орал 2007ж. 53-бет.
3. Педагогика мәселелері (ғылыми теориялық журнал) 2012ж. №3 7-бет.
4. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру <https://bkokdi.kz/kz/smartconf2017/5-section/3650-conf.html>
5. <https://www.tarbie.kz/25785>

UDC 327.2(569.1)

Student: Kublashev A., student

Scientific adviser: Nurgalieva A.M., Doctor of Historical Sciences, Associate Professor M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk

THE ASTANA PROCESS AND ITS ROLE IN THE RESOLUTION OF THE SYRIAN CONFLICT

ANNOTATION

A special role in Kazakhstan's foreign policy is played by peacekeeping activities, in which the country has established itself as a responsible participant in international efforts to ensure global peace and security.

Since 2017, Astana has provided a platform for the resolution of the situation in Syria. This article examines the role of the Astana process in the political and diplomatic settlement of the Syrian conflict, which is characterized by the involvement of not only the main states in the region but also international organizations, politico-military groupings, and world powers.